

Банктік емес ұйымдардың 2007 жылғы 1 қазандағы ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 32 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2007	01. 10.2007
1	Ипотекалық ұйымдар	10	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар, оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	16	22
	Барлығы	26	32


Агенттік 2007 жылғы қыркүйекте «КАЗЭКСПОРТАСТЫК-СЕКЬЮРИТИЗ» АҚ-ға және «Объединенная Система Транзакций» ЖШС-ке банк операцияларын жүргізуге лицензиялар берілді.

Ипотекалық ұйымдар


Активтер. 2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 48,0 %-ға өсіп, 187 282,3 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасының қомақты үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 86,8% (162 663,7 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 6,4% (12 020,9 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға - 1,7% (3 148,0 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 1,9 % (3 596,8 млн. теңге) келіп отыр.

2007 жылғы 1 қазандағы ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)



2007 жылғы 1 қазандағы ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)




Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.10.2007		Өсуі (%-бен)
	млн. теңге	%-бен жиынтығы	млн. теңге	%-бен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	115,3	0,1	113,6	0,1	-1,5
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	3 596,8	1,9	2,2 есе
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	12 020,9	6,4	-6,0
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	3 148,0	1,7	23,5
«Кері РЕПО» операциясы	0,0	0,0	900,0	0,5	100,0
Клиенттерге берілген заемдар	103 472,4	81,7	162 663,7	86,8	57,2
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	0	0	-100,0
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	1 869,6	1,0	85,6
Басқа активтер	2 238,6	1,8	2 969,7	1,6	32,6
Барлығы активтер	126 554,3	100	187 282,3	100	48,0

Кредиттік портфель. 1 қазандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі жыл басымен салыстырғанда 58,8%-ға өсіп, 165 801,5 млн. теңге болды.


Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 94,5%-ға дейін, үмітсіз кредиттердің үлесі 0,3%-ға дейін ұлғайды. Осымен қоса күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 5,2%-ға дейін азайды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.10.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
Несие портфелі барлығы	104 432,9	100	165 801,5	100
Стандартты	97 922,0	93,8	156 700,5	94,5
Күмәнді	6 317,0	6,0	8 541,5	5,2
<i>1- санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	2 526,0	1,5
<i>2- санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	1 925,9	1,2
<i>3- санатты күмәнді</i> – төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде	424,9	0,4	1 674,0	1,0
<i>4- санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	1 629,1	0,1
<i>5- санатты күмәнді</i>	64	0,1	786,5	0,5
Үмітсіз	193,9	0,2	559,5	0,3

2007 жылғы 1 қазандағы ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%)



2007 жылғы 1 қазандағы ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%)



3

Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің динамикасы, млрд. теңге



1 қазандағы жағдай бойынша жиынтық несиелік портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 98,9% құрады. Олардың ішінде «БТА Ипотека» АҚ - 46,6%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 32,9%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 19,5%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 54 697,0 млн. теңгеге немесе 55,3 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 153 533,7 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (52,5%) және басқа банктерден алынған заемдар (44,6 %) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.10.07		Өсуі, %-бен
	млн. теңге	% -бен жиынтығы	млн. теңге	% -бен жиынтығы	
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	68 436,5	44,6	2,4 есе
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0,0	0	0,0	0	0,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	80 595,6	52,5	19,3
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	798,2	0,5	1,3
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	3 703,4	2,4	48,6
Міндеттемелердің барлығы	98 836,7	100	153 533,7	100	55,3

Кірістілік. 2007 жылғы 1 қазанда ипотекалық ұйымдар 2 719, млн. теңге мөлшерінде кіріс салығын төлегеннен кейін жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне (2006 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша – 1 573,7 млн. теңге) қарағанда 72,8%-ға көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 19 517,7 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 қазанда – 10 676,0 млн. теңге), шығыстар – 16 798,4 млн. теңге (2006 жылғы 1 қазанда – 9 102,3 млн. теңге) болды.

млн. теңге			
Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңге	01.10.2006	01.10.2007	%-бен өзгеруі (+;-)
Сыйақы алумен байланысты кірістер	8 703,4	14 897,0	71,2
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	5 085,3	8 832,9	73,7
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	1 972,6	4 620,7	2,3 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	4 017,0	7 965,5	2,0 есе

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (70,5% немесе 13 752,1 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (30,0% немесе 5 008,5 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жылдың басынан бастап 6 030,7 млн. теңгеге немесе 21,8 %-ға өсіп, 2007 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 33 748,6 млн. теңгені құрады.